

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ  
ЕҢБЕКТЕР

---

XXXV  
ТОМ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
XXXV том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2018

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңес және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№3 хаттама 7 желтоқсан 2017 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми жындығы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

Ж. Дәдебаев (тераға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,

Б. Жақып, А. Жаксылышев, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,

Ә. Тарап, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,

П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі)

**Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жақып**

**Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарап**

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. XXXV том. Дәдебаев Ж.

Абай мұрасын пәнаралық зерттеу нәтижелері. – Алматы:  
Қазақ университеті, 2017. – 270 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-3220-8(35-том)**

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымының отыз бесінші томында  
Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің басты нәтижелері коры-  
тылып, сараланған. Том кіріспеден, тоғыз бөлімнен және косымшалардан тұрады.  
Косымшаларды Абай институтының қызыметкерлері Бакытқожа Баязитов, Алмас-  
бек Мәуленов дайындаған.

Том білім алушы жастарға, жас мамандарға, зерттеушілерге, мұғалімдер мен  
окытушыларға, ақыл-ой казынасын байыту жолындағы көпшілікке арналған.

Еңбек 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық  
зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-3220-8 (35-том)

© Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2018

## АЛҒЫ СӨЗ

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптөмдүгінің XXXV томында 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» ғылыми жобасы аясында орындалған жұмыстардың басты нәтижелері қорытылып, тұстастандырылған. Ғылыми жоба жетекшісі – профессор Ж. Дәдебаев. Жоба орындаушылары және орындалған жұмыс туралы мәліметтер аралық және қорытынды есептерде берілген.

Абайтану ғылым пәні, білім пәні ретінде қалыптасып, өз алдына бөлек ғылым саласына айналған белгілі. Бұл – ғылым мен білім саласындағы айтарлықтай маңызды жетістік. Солай бола тұра абайтану саласында зерттелмеген, бірақ зерттелуі қажет өзекті мәселелер жеткілікті. Абайдың шығармашылық мұрасы қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының әрқайсысының деңгейінде зерттеу нысаны болғаны және бұл бағытта да кол жеткен табыстарымыз бары анық. Алайда бұл салалардың әрқайсысы бойынша Абайдың шығармашылық мұрасын бүгінгі күн мұраттары мен максаттары тұрғысынан, ғылым дамуының бүгінгі жеткен жетістіктері тұрғысынан жаңаша саралаудың қажеттігі де дау тудырмайды.

Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу – осы аталған және пісіп-жетілген ғылыми мәселелердің ен бір өзектісі. Бұл мәселе тек бүгін ғана пісіп-жетілді десек, ол артық болады. Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу тәжірибесі бұған дейін де болған және бар. М. Әуезовтің Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы іргелі зерттеулерінің өзегінде пәнаралық зерттеу үстанымдары жатыр. Л.М. Әуезовың, М. Мырзахметовтің, Р.С. Сыздықованың еңбектері пәнаралық сипатымен маңызды.

Абайтану саласында жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелерінің маңызын жоғары бағалай отырып, Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің маңызы мен мәнін арнайы атап көрсетуді дұрыс көрдік. Бүгінгі күн талаптары тұрғысынан алып қарағанда, Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің маңызды арналарын байыптау – баламасы жоқ ірі де іргелі, маңызды да мәнді ғылыми мәселе.

Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу – бір зерттеудің қолемінде, бірнеше зерттеушінің ізденістері аясында біржола шешіледі еken деп ойлауға болмайды. Өйткені бұл – өте күрделі мәселе.

Зерттеу тобы аталған жоба бойынша белгіленген міндеттерді толық орындал шықты.

Ғылыми жобаны іс жүзіне асыру барысында қол жеткен нәтижелердің абайтану саласындағы үлкен жетістік және маңызды еkenі анық. Осы жетістіктің ерекше атап өтуді қажет ететін бір қыры бар. Ол – «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес, абайтану ғылыми саласында тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер мен ғалымдардың барлық буындарының жетістіктеріне негізделген арнайы ғылыми ресурстар қорының негізі жасалғаны. Бұл – бүгінгі танда әдебиеттану ғылыми саласында арнайы бағыт бойынша жасалған бірден-бір дербес ғылыми-ақпараттық база. Базаның негізін отыз бес том болып жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымы қурайды. Бұл басылым алдағы уақытта ары қарай жалғасатын болады.

Жоба бойынша орындалған жұмыс нәтижелерінің ғылыми, танымдық, тағылымдық маңызы жоғары.

*«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық  
басылымының ғылыми-редакциялық кеңесi*

## Бірінші бөлім

### АБАЙ МУРАСЫН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

1

Абай шығармашылығын пәнаралық зерттеу жұмысы 2015-2017 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруымен арнайы ғылыми жоба бойынша жүргізілді (3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу»).

Абайдың шығармашылық мұрасы түрлі бағытта, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеліп келеді. Абайдың өмірін, шығармашылығын тану мен танытуға арналған көптеген монографиялар, оқулықтар мен оку құралдары, мақалалар жинағы, конференция материалдары жарық көрді. Шетелдерде бірқатар енбектер жарияланды. Соған қарамастан, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу саласында осы күнге дейін шешілмеген, өзекті, әлеуметтік маңызы зор мәселелер бар. Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу – осындай өзекті һәм іргелі ғылыми мәселе.

Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің мәселелері дара емес, көп қырлы, көп деңгейлі және жүйелі сипатымен ерекшеленеді. Абайдың шығармашылық мұрасын көп қырлы, көп деңгейлі біrbүтін жүйе ретінде қарастыру дәстүрлі зерттеу өдістерінің аясында жаңа ұстанымды, өзгеше түрғыны талап етеді.

Зерттеу өдісі зерттеу нысанының табиғатына байланысты анықталады. Сондықтан зерттеу нысанының табиғатын саралап танудын маңызы зор. Бұл, әрине, осы күнге дейін Абай шығармашылығы саралап тану нысаны болмаған екен деген сөз емес. Сондай-ақ Абай шығармашылығының осы күнге дейін көп қырлы, көп құрамды, көп деңгейлі біrbүтін жүйе ретінде зерттелмегенін де жоққа шығара алмаймыз.

Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын кең ауқымда арнайы зерттеу, абайтану ғылымының негізін қалау, оны ғылым және оқу пәні ретінде қалыптастыру әл-Фараби атындағы Қазақ

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
КІРІСПЕ .....	5
Бірінші бөлім. Абай мұрасын пәнаралық зерттеу мәселелері .....	7
Екінші бөлім. Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу мен эстетикалық қабылдаудың методологиялық үстанымдарын негіздеу: түсіну, пайымдау, бағалау .....	32
Үшінші бөлім. Абайдың шығармашылық мұрасының үлттық және жалпыадамзаттық мәнін казіргі қоғамның интеллектуалдық және тұракты дамуымен байланысты аксиологиялық талдау .....	60
Төртінші бөлім. Абайдың шығармашылық мұрасының үлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарының қалыптасуына ықпал еткен факторларды жүйелі зерттеу .....	80
Бесінші бөлім. Абайдың ел ынтымағы, ел бірлігі, мемлекет тәуелсіздігі туралы үстанымдарының көркемдік және идеялық мазмұнын оның шығармашылық мұрасының үлттық және жалпыадамзаттық құндылықтары жүйесінде талдау мен бағалау .....	119
Алтыншы бөлім. Абайдың шығармашылық мұрасын психопоэтика, лингвопоэтика, синергетика, экзистенциализм, хронотоп, дәстүрлі дүниетаным категорияларының жүйесінде пәнаралық зерттеу .....	141
Жетінші бөлім. Абай ілімінің концептуалды моделі .....	165
Сегізінші бөлім. Абайтану саласында дербес ғылыми база негізін жасау .....	193
Тоғызыншы бөлім. Жоба бойынша негізгі зерттеу нәтижелерін жинақтау және тұтастыру (генерализация) .....	202
ҚОРЫТЫНДЫ .....	214
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ .....	219
Косымша А. Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған өдебиеттер / Дайындаған Бақытқожа Баязитов, Алмасбек Мәуленов .....	221
Косымша Ә. Абайтану. Таңдамалы енбектер. I-XXXV томдарының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған библиографиялық анықтамалық / Дайындаған Бақытқожа Баязитов, Алмасбек Мәуленов .....	228
Косымша Б. Абайтану. Таңдамалы енбектер. I-XXXV томдарына енген енбектердің әліпбелік көрсеткіші. Дайындаған Бақытқожа Баязитов, Алмасбек Мәуленов .....	259